

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қазандағы № 1134 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қазанда № 5842 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 1513 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түркістан қаласы әкімдігінің 19.07.2022 № 1513 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8 -1) тармақшасына сәйкес, Түркістан қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Түркістан қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 6 қарашадағы № 1860 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4256 тіркелген, 2017 жылғы 9 қарашада "Түркістан" газетінде және 2018 жылғы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіТүркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Түркістан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Базарқұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Р. Аюпов

Түркістан қаласы
әкімдігінің 2020 жылғы
14 қазандағы № 1134
қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны (бюджеттік қаражат есебінен)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)	Бір тәрбиеленушілерге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)
	Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік
1.	17000	1 жастан- 3 жасқа дейін - 8756 теңге 3 жастан- 6 жасқа дейін - 9570 теңге	82131 теңге